

«Спорттық калейдоскоп» бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнерден Республикалық байқау қашықтықтан ұйымдастыру және өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. «Спорттық калейдоскоп» бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнерден Республикалық байқауды (бұдан әрі - Байқау) жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты: білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту.

3. Міндеттері:

1) қатысушылардың назарын салауатты өмір салтының маңыздылығына аудару;

2) оларды салауатты өмір салтына тарту

3) бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту;

4) жастар арасында дене шынықтыру мен спортты насихаттау.

4. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

5. Байқауды ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

6. Байқау жұмыстары **2016 жылғы 10 қазаннан 1 желтоқсанға дейін** iao.konkurs@mail.ru электронды поштасына қабылданады. Байқауға 2016 жылғы **1 желтоқсаннан кейін** түскен және Ережеге сәйкес келмеген байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқау қорытындысы, жеңімпаздар дипломдары мен қатысушылар сертификаттары 2016 жылғы **20 желтоқсанда** www.ziyatker.org сайтына орналастырылады.

7. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Ұйымдастырушылар авторды көрсете отырып, жұмысты БАҚ-та жариялауға құқылы.

Анықтама телефондары: 8 (7172) 24-93-12 «Спорттық калейдоскоп» байқауы).

8. Байқауға қатысу үшін 1500 (бір мың бес жүз) теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БИН 990140004733
ИИК KZ918560000005068448
БИК КСJBKZKX
КНП 859

Кбе 16

АО Банк Центр Кредит, Астана қ.

Төлемақы аталуы: «**Спорттық калейдоскоп**» байқауы.

9. Байқауға қатысу үшін iao.konkurs@mail.ru электронды поштасына келесі құжаттарды жіберу қажет:

- 1) 1-қосымшаға сәйкес өтінімді;
- 2) сканерден өткізілген төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы);
- 3) байқауға қатысатын жұмысты номинацияның және тақырыптың атауын міндетті түрде көрсетіп жіберу керек. (Мысалы: «**Сурет Олимп жолында**»)

3. Қатысушылар және байқауға қойылатын талаптар

10. Ұсынылған жұмыстар байқаудың тақырыбына, мақсатына және міндеттеріне сәйкес болуы керек.

11. Байқауға жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының **18 жасқа дейінгі** білім алушылары қатыса алады:

- 1) кіші жас санаты: 7-10 жас;
- 2) орта жас санаты: 11-14 жас;
- 3) жоғары жас санаты: 15-17 жас.

12. Байқау жұмыстары келесі номинациялар бойынша қабылданады.

«Сурет» номинациясы.

Конкурсқа суреттердің фотолары қабылданады (фото немесе сканерлеу). Жұмыстар графикалық редакторларда орындауға болады. (Adobe PhotoShop, Paint және т.б.) Конкурсқа тек JPEG форматындағы электрондық нұсқадағы суреттер қабылданады.

«Бейнетүсірілім» номинациясы.

Бейнетүсірілім телефон камерасына немесе бейнекамераға түсірілуі тиіс. Қабылданатын форматтар: WMV, MPEG4, AVI, DVD компьютерде «Windows Media» ойнатқышы арқылы бейнені көру. Байқау жұмысының ұзақтығы **3 минутқа** дейін.

«Презентация» номинациясы.

15 слайдтан көп емес презентация. Жұмыс орындалған файлдың көлемі 10 Мб аспау керек. Бірінші парақ – титулдық парақ, мұнда міндетті түрде болу керек: номинация атауы, автордың А.Ә.Т.

«Сәндік-қолданбалы өнер» номинациясы.

Конкурсқа кесте тігу, көркемдеп мүсіндіру, көркем ою, күйдіру жұмыстарының суреттері тек JPEG форматындағы электрондық нұсқада қабылданады.

Номинацияларға келесі тақырыптар ұсынылады:

- 1) «Олимп жолында»;
- 2) «Чемпион жолы»;
- 3) «Спортқа қош келдіңіз»;
- 4) «Бірінші байлық - денсаулық»;
- 5) «Менің сүйікті спортым».

13. Бағалау өлшемдері:

13.1 «Сурет» номинациясында:

компьютерлік графика тәсілдерімен жұмыстың тақырыбын ашу деңгейі (компьютерлік технологиялар);

айқындығы - көркем-эстетикалық қабылдау, композиция, дизайны, бейнелік шешімі, жалпы әсері;

технологиялығы – компьютерлік графикалық ортаның, құралдарының, эффектілерінің мүмкіндігін қолдану, нысандарды бейнелеу үшін құралдарды калыпсыз қолдану және бірегейлігі.

13.2 «Бейнетүсірілім» номинациясында:

- байқау жұмыстарының тақырыпқа сай орындалуы;
- жұмыстарды рәсімдеуге шығармашылық тәсілдемесі;
- ақпараттылық;
- орындау сапасы.

13.3 «Презентация» номинациясында:

- шығармашылық тәсілі (тақырып таңдау, тақырып бойынша қызықты табыстар, ерекшелігі, жаңа көзқарас);
- техника (ашықтығы, контраст, түсі, және т.б.);
- презентацияның рәсімделуі (дизайн, арнайы эффектілер, дыбыс, анимация және т.б.).

13.4 «Сәндік-қолданбалы өнер» номинациясында:

- жұмыстың байқау тақырыбына сәйкестігі;
- идеяның бірегейлігі;
- шығармашылық тәсілі;

14. Байқауға қатысу үшін бір қатысушыдан бір номинация бойынша бір жұмыс қабылданады. Топпен жасалынған жұмыстар қабылданбайды.

15. Басқа адамдардың және интернеттен алынған материалдарды пайдалануға қатаң тыйым салынады. Байқау жұмысы бұған дейін интернетте жариялануы тиіс.

4. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

16. Байқау қорытындысы бойынша әділ қазы мүшелері жеңімпаздарды анықтайды.

17. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен, байқау жеңімпаздарының жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары

www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефондары: **8(7172) 24-93-12 «Спорттық калейдоскоп»** байқауы).

Диплом, сертификаттардың онлайн нұсқасын жүктеу үлгісі www.ziyatker.org → Республикалық шаралар → «Спорттық калейдоскоп» байқауы → әрі қарай.

1- қосымша

Байқауға қатысушы туралы мәлімет

Қатысушының аты-жөні	Жасы	Мекен жайы	Білім беру ұйымының аталуы, сыныбы, курсы	Байқаудың аталуы, номинациясы тақырыбы	Байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)	Жетекшісінің толық аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы	Жетекшісінің байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)
1	2	3	4	5	6	7	8

2-қосымша

Титул парағын толтыру үлгісі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК

«Жас құтқарушылар» республикалық интернет-байқауы

«-----» номинациясы

Тақырыбы:

Жұмыстың авторы: Муслимова Жадыра Өмірзаққызы
Білім беру ұйымының мекенжайы: Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Шарбақты ауылы
№ 1 мектеп, 9-сынып

Жетекшісі: Петрова Нина Ивановна
2016 жыл